

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында  
Құпия ақпаратты өзара қорғау туралы келісім жасасу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 сәуірдегі N 477 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Құпия ақпаратты өзара қорғау туралы келісімнің жобасы макұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Нартай Нұртайұлы Дүтбаевқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы құпия ақпаратты өзара қорғау туралы келісімді жасасуға өкілеттік берілсін. <\*>

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.07.06. N 738 қаулысымен .**

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының**

*Премьер-Министри*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы  
Үкіметінің арасындағы құпия ақпаратты өзара қорғау туралы  
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының  
Үкіметі,

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы саяси, әскери, экономикалық, ғылыми-техникалық немесе өзге де ынтымақтастық барысында онымен алмасу жүзеге асырылатын құпия ақпаратты, сондай-ақ осындай ынтымақтастық процесінде пайда болған құпия ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету ниетін ескере отырып,

Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес құпия ақпаратты қорғауды қамтамасыз етуде Тараптардың өзара мүдделерін ескере отырып,

1993 жылғы 22 қаңтардағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің үкіметтері жасасқан мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімді іске асырудың өзара мүдделілікті ескере отырып, мына төмендегілер туралы келісті:

## **1-бап**

### **Ұғымдар анықтамасы**

Осы Келісімде қолданылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"құпия ақпарат" - әрбір Тарап мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес қорғалатын, әрбір Тарапқа және осы Келісімде белгіленген тәртіппен берілген, сондай-ақ Тараптардың ынтымақтастыры процесінде пайда болған, оларды заңсыз тарату Қазақстан Республикасының және (немесе) Ресей Федерациясының қауіпсіздігі мен мұдделеріне залал келтіруі мүмкін кез келген нысанда келтірілген мәліметтер;

"құпия ақпаратты жеткізгіштер" - құпия ақпарат символдар, бейнелер, дабылдар, техникалық шешімдер мен процестер түрінде өз көрінісін табатын материалдық объектілер, соның ішінде физикалық өрістер;

"құпиялыштық белгісі" - құпия ақпаратты жеткізгішке қойылатын және (немесе) ілеспе құжаттамада көрсетілетін, жеткізгіштегі мәліметтердің құпиялыштық дәрежесі туралы куәландыратын деректемелер;

"үәкілетті орган" - Тараптардың ынтымақтастыры процесінде берілетін және (немесе) пайда болған құпия ақпаратты алуға, сақтауға, қорғауға және пайдалануға Тараптар үәкілеттік берген мемлекеттік билік органы, мемлекеттік орган немесе ұйым;

"құпия ақпаратқа рұқсат беру" - жеке адамдардың құпия ақпаратқа қол жеткізу, ал үәкілетті органдардың осындай ақпаратты пайдалана отырып, жұмыстар жүргізу құқығын ресімдеу рәсімі;

"құпия ақпаратқа қол жеткізу" - рұқсаты бар жеке адамды құпия ақпаратпен таныстыру процесі;

"үйлестіруші орган" - осы Келісімді іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру үшін жауапты мемлекеттік билік органы, мемлекеттік орган;

"келісім-шарт" - үәкілетті органдар арасында жасалатын, оның шеңберінде құпия ақпаратты беру және (немесе) құрау көзделетін шарт.

## **2-бап**

### **Құпия ақпарат**

Мыналар құпия ақпарат болып табылады:

а) Қазақстан Республикасында:

жалпы қабылданған халықаралық құқық нормаларына қайшы келмейтін тиімді әскери, экономикалық, ғылыми-техникалық, сыртқы экономикалық, сыртқы саяси, барлаушылық, қарсы барлаушылық, жедел іздестірушілік және өзге де қызметті тиімді жүзеге асыру мақсатында таралуын мемлекет шектейтін мемлекеттік және қызметтік құпияларды құрайтын, мемлекет қоргайтын мәліметтер.

Құпия ақпаратты рұқсатсыз тарату салдарынан Қазақстан Республикасының ұлттық

қауіпсіздігіне немесе мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мүдделеріне немесе ел экономикасы саласына келтірілуі мүмкін залалға қарай құпия ақпаратты жеткізгіштер үшін тиісті құпиялылық белгілері белгіленеді:

"Аса маңызды" - олардың таралуы Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне көрсетілген салалардың бірінде немесе бірнешеуінде залал келтіруі мүмкін әскери, сыртқы саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық, барлаушылық, қарсы барлаушылық және жедел іздестірушілік қызмет саласындағы мәліметтер;

"Өте құпия" - олардың таралуы Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне, мемлекеттік органдың мүдделеріне немесе мемлекет экономикасы саласына көрсетілген салалардың бірінде немесе бірнешеуінде залал келтіруі мүмкін әскери, сыртқы саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық, барлаушылық, қарсы барлаушылық және жедел іздестірушілік қызмет саласындағы мәліметтер;

"Құпия" - жеке деректер сипатындағы, мемлекеттік құпияның құрамына кіруі мүмкін, олардың таралуы немесе жоғалуы әскери, сыртқы саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық, барлаушылық, қарсы барлаушылық және жедел іздестірушілік қызмет саласында мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мүдделеріне залал келтіруі мүмкін өзге де мәліметтер.

"Аса маңызды" және "Өте құпия" деген құпиялылық белгілері бар құпия ақпарат мемлекеттік құпияға жатады, "Құпия" деген белгісі барлар қызметтік құпияға жатады. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік және қызметтік құпияның құрайтын мәліметтер мемлекеттік құпияларға жатады.

#### б) Ресей Федерациясында:

олардың таратылуы Ресей Федерациясының қауіпсіздігіне, оның саяси немесе экономикалық мүдделеріне залал келтіруі мүмкін әскери, сыртқы саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық, барлаушылық, қарсы барлаушылық, жедел іздестірушілік қызмет саласындағы мемлекет қорғайтын мәліметтер. Құпия ақпаратты рұқсатсыз тарату салдарынан келтірілуі мүмкін залалға қарай құпия ақпараттың мынадай құпиялылық дәрежелері және құпия ақпаратты жеткізгіштер үшін осы құпиялылық дәрежелеріне сәйкес келетін құпиялылық белгілері белгіленген:

"Аса маңызды" - олардың таралуы Ресей Федерациясының мүдделеріне көрсетілген салалардың бірінде немесе бірнешеуінде залал келтіруі мүмкін әскери, сыртқы саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық, барлаушылық, қарсы барлаушылық және жедел іздестірушілік қызмет саласына жататын мәліметтер;

"Өте құпия" - олардың таралуы Ресей Федерациясының атқарушы өкіметі федералды органдың мүдделеріне немесе экономика саласына көрсетілген салалардың бірінде немесе бірнешеуінде залал келтіруі мүмкін әскери, сыртқы саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық, барлаушылық, қарсы барлаушылық және жедел іздестірушілік қызмет саласына жататын мәліметтер;

"Құпия" - олардың таралуы Ресей Федерациясы ұйымдарының мүдделеріне

көрсетілген салалардың бірінде немесе бірнешеуінде залал келтіруі мүмкін әскери, сыртқы саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық, барлаушылық, қарсы барлаушылық және жедел іздестірушілік қызмет саласына жататын мәліметтер.

Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес "Аса маңызды", "Өте құпия" және "Құпия" деген белгілері бар құпия ақпарат мемлекеттік құпияға жатады.

### 3-бап

#### **Құпиялыштық дәрежелерінің салыстырмалылығы**

Тараптар Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес құпиялыштық дәрежелері мен оларға сәйкес келетін құпиялыштық белгілері мынадай үлгіде салыстырылатындыбын белгілейді:

<b>Қазақстан Республикасында</b>	<b>Ресей Федерациясында</b>
<b>"Аса маңызды"</b>	<b>"Особой важности"</b>
<b>"Өте құпия"</b>	<b>"Совершенно секретно"</b>
"Секретно"	"Секретно"
* орыс тілінде	

### 4-бап

#### **Үйлестіруші органдар**

Тараптар өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес үйлестіруші органдарды анықтайды, ол туралы дипломатиялық арналар бойынша бір-біріне хабарлайды.

### 5-бап

#### **Құпия ақпаратты қорғау жөніндегі шаралар**

1. Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес Тараптар :

басқа Тарап берген және (немесе) Тараптардың ынтымақтастығы процесінде пайда болған құпия ақпаратты қорғауға;

оны берген Тарап қойған құпиялыштық белгісін Тараптардың жазбаша келісімінсіз өзгертуге;

Тараптардың ынтымақтастығы процесінде алынған және (немесе) пайда болған құпия ақпаратқа қатысты өзінің дәл сондай құпиялыштық дәрежесіндегі (осы Келісімнің 3-бабына сәйкес салыстырылатын) өзінің құпия ақпаратына қатысты қолданылатын дәл сондай қорғау шараларын қолдануға;

басқа Тараптың уәкілетті органынан алынған құпия ақпаратты тек оны беру кезінде көзделген мақсаттарда пайдалануға;

оны берген Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тарапқа құпия ақпаратты алуға рұқсат бермеуге;

басқа Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз Тараптардың ынтымақтастығы процесінде пайда болған құпия ақпаратты алуға үшінші тарапқа рұқсат бермеуге міндеттеді.

2. Құпия ақпаратқа қол жеткізу осы ақпаратты білу оны беру кезінде көзделген мақсаттарда қызметтік міндеттерін орындау үшін қажетті адамдарға ғана рұқсат етіледі

3. Құпия ақпаратқа қол жеткізу тиісті құпиялышық дәрежесіндегі құпия ақпаратқа рұқсаттары бар адамдарға ғана беріледі.

4. Қажет болған жағдайда құпия ақпаратты қорғау жөніндегі қосымша талаптар (құпия ақпаратпен жұмыс істеу жөніндегі міндеттемелер және оны қорғау жөніндегі шаралар толығымен жазылған) тиісті келісім-шарттарға қосылады.

## 6-бап

### Құпия ақпаратты беру

1. Бір Тараптың уәкілетті органы басқа Тараптың уәкілетті органына құпия ақпаратты бергісі келсе, ол өз Тарабының үйлестіруші органынан басқа Тараптың болжанып отырған уәкілетті органында құпия ақпаратқа рұқсатының бар екендігіне алдын ала жазбаша растама сұратады.

Тараптардың бірінің үйлестіруші органы басқа Тараптың үйлестіруші органынан басқа Тараптың уәкілетті органында құпия ақпаратқа рұқсатының бар-жоқтығына жазбаша растама сұратады.

2. Құпия ақпаратты беру туралы шешімді Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес әрбір жеке жағдайда Тараптар қабылдайды.

3. Бір мемлекеттен екінші мемлекетке құпия ақпаратты дипломатиялық арналармен, фельдъегерлік қызметтің немесе соған уәкілеттік берілген қызметтің беруі Тараптар арасында қолданылып жүрген келісімдерге сәйкес жүзеге асырылады. Тиісті уәкілетті орган құпия ақпаратты алғандығын растайды.

4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген қызметтер арқылы берілуі мүмкін емес құпия ақпаратты беру үшін уәкілетті органдар Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес тасымалдау тәсілі, бағыты және алып жүру нысаны туралы уағдаласады.

## 7-бап

### Құпия ақпаратпен жұмыс істеу

1. Берілген құпия ақпаратты жеткізгіштерге оны алу үшін жауапты уәкілетті орган осы Келісімнің З-бабына сәйкес салыстырылатын құпиялылық белгілерін қосымша

қ о я д ы .

Құпиялылық белгілерін қоюдың міндептілігі Тараптардың ынтымақтастыры процесінде, аудару, көшіру немесе тираждау нәтижесінде пайда болған құпия ақпаратқа қолданылады.

Берілген құпия ақпарат негізінде пайда болған құпия ақпаратты жеткізгішке берілген құпия ақпараттың құпиялылық белгісінен кем болмайтын құпиялылық белгісі қ о й ы л а д ы .

2. Тараптардың ынтымақтастыры процесінде пайда болған және (немесе) берілген құпия ақпарат өздерінің құпия ақпаратына қатысты қолданылатын талаптарға сәйкес есепке алынады және сақталады.

3. Алынған құпия ақпараттың құпиялылық дәрежесін оны берген Тараптың уәкілетті органының жазбаша рұқсаты бойынша ғана уәкілетті орган өзгерте немесе алып тастай алады.

Тараптардың ынтымақтастыры процесінде пайда болған құпия ақпараттың құпиялылық дәрежесі Тараптардың уәкілетті органдарының өзара келісімі бойынша анықталады, өзгертуледі немесе алынып тасталады.

Құпия ақпараттың құпиялылық дәрежесін өзгерту немесе алып тастау туралы оны берген Тараптың уәкілетті органы мейлінше қысқа мерзімде басқа Тараптың тиісті уәкілетті органына хабарлайды.

4. Құпия ақпаратты (оны жеткізгіштерді) көбейту (тираждау) оны берген уәкілетті органының жазбаша рұқсатымен жүзеге асырылады.

Құпия ақпаратты (оны жеткізгіштерді) жою құжаттамалық расталады, ал жою процесі оның қайта шығарылмауын және қалпына келтірілмеуін қамтамасыз етуі тиіс. Құпия ақпаратты (оны жеткізгіштерді) қайтару туралы немесе жою туралы оны берген Тараптың уәкілетті органына хабарланады.

## 8-бап

### Келісім-шарттар

Тараптардың уәкілетті органдары жасасатын келісім-шарттарға жеке бөлім қосылады, онда мыналар анықталады:

Тараптардың ынтымақтастыры процесінде берілетін және (немесе) пайда болған құпия ақпараттың тізбесі және оның құпиялылық дәрежелері;

Тараптардың ынтымақтастыры процесінде берілетін және (немесе) пайда болған құпия ақпаратты қорғау ерекшеліктері, оны пайдалану шарттары;

даулы жағдайларды шешу және Тараптардың ынтымақтастығы процесінде берілетін және (немесе) пайда болған құпия ақпаратты рұқсатсыз таратудан болуы мүмкін залалды өтеу тәртібі.

## 9-бап

### Консультациялар

1. Үйлестіруші органдар осы Келісімді іске асыру үшін қажетті көлемде құпия ақпаратты қорғау саласындағы өз мемлекеттерінің тиісті заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерімен алмасады.

2. Осы Келісімді іске асыру кезінде ынтымақтастықты қамтамасыз ету мақсатында үйлестіруші органдар олардың бірінің өтініші бойынша бірлескен консультациялар өткізеді.

## 10-бап

### Сапарлар

1. Бір Тараптың уәкілетті органдары өкілдерінің басқа Тарап мемлекетінің құпия ақпаратына олардың қол жеткізуін көздейтін сапарлары қабылдайтын Тарап мемлекетінің заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Мұндай барып-қайтуға рұқсат тек осы Келісімнің 5-бабының 2-тармағында көрсетілген адамдарға ғана беріледі.

2. Сапарларды, соның ішінде бірнеше рет болатындарын жүзеге асыру мүмкіндігі туралы өтініштер болжалды сапар мерзіміне дейін төрт аптадан кешіктірмей жіберіледі .

Болжалды сапарлар туралы өтініште мынадай мәліметтер болуға тиіс: уәкілетті орган өкілінің тегі мен аты, тұған күні мен жері, азаматтығы мен төлкүжатының нөмірі ;

уәкілетті орган өкілінің мамандығы мен лауазымы, ол жұмыс істейтін уәкілетті органның атауы ;

тиісті құпиялыштық дәрежесіндегі құпия ақпаратқа рұқсатының бар-жоғы туралы ақпарат ;

сапардың болжалды күні және жоспарланып отырған сапардың мақсаты; оларда болу жоспарланып отырған уәкілетті органдардың атаулары; уәкілетті органның өкілі кездеседі деп күтілетін адамдардың лауазымдары, тектері мен аттары .

3. Бір Тараптың уәкілетті органдарының өкілдері басқа Тараптың тиісті құпиялыштық дәрежесіндегі құпия ақпаратпен жұмыс істеу ережелерімен танысады және осы ережелерді сақтайды.

## **11-бап**

### **Құпия ақпаратты қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыруға арналған шығыстар**

Уәкілетті органдар осы Келісімді іске асыру процесінде туындаитын барлық шығыстарды өздері өтейді.

## **12-бап**

### **Құпия ақпаратты қорғау жөніндегі талаптарды бұзу және залал мөлшерін анықтау**

Басқа Тараптың уәкілетті органы берген және (немесе) Тараптардың ынтымақтастығы процесінде пайда болған құпия ақпараттың рұқсатсыз таралуына әкелген құпия ақпаратты қорғау жөніндегі талаптар бұзылған жағдайда тиісті Тараптың уәкілетті немесе үйлестіруші органы басқа Тараптың уәкілетті немесе үйлестіруші органына дереу хабарлайды, қажетті тексеру жүргізеді және құпия ақпаратты берген Тараптың үйлестіруші органына тексеру нәтижелері туралы және аумағында бұзушылық орын алған Тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес қабылданған шаралар тұрағы .

Құпия ақпаратты рұқсатсыз таратудан келетін ықтимал залалдың мөлшері құпия ақпараты рұқсатсыз таратылған Тарап мемлекетінің заңнамасында белгіленген тәртіппен анықталады.

## **13-бап**

### **Басқа уағдаластықтарға қатысы**

Құпия ақпаратты сақтауды қамтамасыз ету режимін реттейтін Тараптар арасында бар уағдаластықтар осы Келісімге қайшы келмейтін бөлігінде қолданыла береді.

## **14-бап**

### **Даулы мәселелерді шешу**

Осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты даулар Тараптардың үйлестіруші органдары арасындағы келіссөздер жолымен шешіледі.

## **15-бап**

### **Келісімнің күшіне енуі, қолданылатын мерзімі және қолданылуын өзгерту және тоқтату**

1. Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енүі үшін қажетті мемлекетішлік рәсімдерді орындағандығы туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап күшіне енеді және белгісіз мерзімге жасалады.

2. Өзара уағдаластық бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді.

3. Тараптардың әрқайсысы дипломатиялық арналар арқылы басқа Тарапқа оның күшін тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлама жіберу жолымен осы Келісімнің қолданылуын тоқтата алады. Бұл жағдайда осы Келісімнің қолданылуы көрсетілген хабарламаны алған күннен бастап алты ай өткеннен кейін тоқтатылады.

4. Осы Келісімнің қолданылуы тоқтатылған жағдайда Тараптардың ынтымақтастығы процесінде берілген және (немесе) пайда болған құпия ақпаратқа қатысты құпиялылық белгісі алынбайынша, осы Келісімнің 5-бабында көзделген оны қорғау жөніндегі шаралар қолданыла береді.

5. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру үшін келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді пайдаланады.

2004 жылғы "\_\_\_" қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды, бұл ретте екі мәтіннің де бірдей күші бар.

Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясының  
Үкіметі үшін Үкіметі үшін